

Атаханова Г.М.,
Куандакова М.Ж.

**Пайдакүнемдік криминогендік
қылмыскер тұлғасының
концептуалдық мәселесі**

Бұл мақалада пайдакүнемдік қылмыскердің жеке тұлғасының жалпы сипаттамасы және қылмыскердің тұлғасының құрылымы: құндылық бейімділігі және тұлғаның талпынуы, оның әлеуметтік көзқарастары мен байланысы, мүддесі, қажеттілігі, әдеттері қарастырылған. Әсіресе, пайдакүнемдік қылмыстылығындағы криминалдық кәсібилік мәселесі назар аудартады. Кәсіби қылмыскерлердің бөтеннің мүлкіне қол сұғуы, оның жекелеген түрлері, ұрлық, алаяқтық сияқты түрлерін зерттеуге бізге мүмкіндік береді. Отандық криминологияда кәнігі пайдакүнем қылмысының, оның негізгі параметрлері анықталып, криминалдық жұмыс тобының объективтік құбылыс ретінде дәлелденгендігі ұсынылады.

Түйін сөздер: жеке тұлға, мінез-құлық, пайдакүнемдік, қылмыстылық, мүдде.

Atakhanova G.M.,
Kuandakova M.Zh.

**Conceptual crime offender self-
interested identity problem**

This article describes the General characteristics of the personality of the offender and corrupt the structure of the personality of the perpetrator: value orientations and aspirations of the individual, their social position and relationships, interests, needs and habits. Special and deserves our attention the problem of criminal professionalism in selfish crime. Our studies allow you to learn that a large proportion of attacks on other people's property committed by criminals-professionals, and some species, such as pickpocketing, fraud almost completely professionally criminalized. We proposed a model professional selfish crime. identified its main parameters including, for the first time in the National Criminology, selected, described and proven criminal labour market phenomenon as objectively existing phenomenon.

Key words: personality, behavior, koryst, crime, the interests of.

Атаханова Г.М.,
Куандакова М.Ж.

**Концептуальная проблема
криминогенной личности
корыстного преступника**

В данной статье рассматриваются общая характеристика личности корыстного преступника и структура личности преступника: ценностные ориентации и стремления личности, ее социальные позиции и связи, интересы, потребности, привычки. Особого нашего внимания заслуживает и проблема криминального профессионализма в корыстной преступности. Проведенные нами исследования позволяют утверждать, что значительная часть посягательств на чужое имущество совершается преступниками-профессионалами, а отдельные его виды, такие как карманные кражи, мошенничества, почти полностью профессионально криминализованы. Нами предложена модель профессиональной корыстной преступности, выявлены ее основные параметры, в том числе впервые в отечественной криминологии установлен, описан и доказан феномен рынка криминальной рабочей силы как объективно существующее явление.

Ключевые слова: личность, поведение, корыст, преступность, интересы.

**ПАЙДАКҮНЕМДІК
КРИМИНОГЕНДІК
ҚЫЛМЫСКЕР
ТҰЛҒАСЫНЫҢ
КОНЦЕПТУАЛДЫҚ
МӘСЕЛЕСІ**

Көптеген объективті және субъективті белгілер бойынша ұрлық жасайтын адамдар әлеуметтік жағдайы қараусыз қалған құқық бұзушылар категориясын құрайды. Олар саны өте көп және басқаларға жағымсыз әсер ету күші бойынша белсенді, қылмыстың қайталануы жағынан ең қауіпті, қоғамға қарсы көзқарастары, әдеттері мен мінез-құлықтары тұрақты қылмыскерлер, оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқандар тобы болып табылады.

Ұрылардың қылмыстық әрекеттері басқа құқық бұзушыларға қарағанда әлдеқайда бұрын басталады. Демек, олар ерте жастан-ақ қоғам мүдделерін білдіретін құқық қорғау органдарымен де, қылмыстық-құқықтық тыйым салу нормаларын бұзатындармен де тиісті қатынастарға түседі. Олардың қоғамға қарсы тәжірибесі ерте жинақталады, тиісті көзқарастары мен түсініктері, әлеуметтік өмір салтына қарсы, пайда болатын өмірлік қиындықтарды заңсыз жолмен шешуге бейілділіктері мен әдеттері ерте қалыптасады. Заңға қайшы қызметке ерте енуі талан-таражға салушылармен және тіпті көптеген зорлық жасаушы қылмыскерлермен, бұзақылармен салыстырғанда, ұрылардың бейімсіздеу, микрортадан, оның құндылықтарынан, оң қатынастан әлеуметтік-психологиялық окшаулану деңгейі жоғарылау болуына алып келеді.

Жеке адамның криминогендік қасиеттерінің жан-жақты ескерілуі қаншалықты маңызды болса да, олардың көмегімен пайдакүнем қылмыстардың жасалу себептерін білім деңгейі мен мәдениеттілігі төмен көптеген адамдардың ешқандай қылмыс жасамайтындығынан толық ашу мүмкін емес. Демек, қылмыстық-құқықтық және социологиялық сипаттағы мағлұматтармен толықтырылатын психологиялық талдауда түсініктеме берудің басқа мүмкіндіктерін іздестіру қажет.

Құқық бұзушылардың тұрақты мекенжайларының бар немесе жоқ болуы олардың маңызды сипаттамаларының бірі болып табылады. Өзімізге мәлім болғандай, бұл фактор жеке тұлғаны, оның қатынастарын, қажеттіліктері мен мүдделерінің мазмұны мен бағыттылығын, мәдениеттілік деңгейі мен әлеуметтік талаптарын едәуір сипаттайды. Ол күнелтуге қажетті қаржы алумен тікелей байланысты. Әдетте, тұрақты мекенжайы жоқ адамдар бейімсіз, қалыпты әлеуметтік байланыстар мен

қатынас аясынан шығарылып тасталған, қоғам құндылықтарынан шеттетілген болады.

Ұрлық жасауда, әсіресе жеке меншік мүлік ұрлауда айыпты адамдардың ішінде басқа барлық қылмыскерлер /қаңғыбастардан басқа/ топтарына қарағанда, осындай тұрақты мекенжайы жоқ адамдардың үлесі едәуір жоғары. Бұл олардың арасында кәнігі қылмыскерлердің бар болуымен және жалпы бейімсізденуімен байланысты. Аталған жағдайды осындай адамдар тарапынан жасалатын ұрлықтардың алдын алу кезінде де, оларды бас бостандығынан айыру орындарынан босатуға дайындау кезінде де ескеру қажет, себебі олардың табыспен бейімделуі аталған фактордың себебінен өте шектелген. Мұнымен көптеген ұрылардың тіршілік етуінің басқа да ерекшелігі байланысты: олардың арасында басқалармен салыстырғанда белгілі-бір мамандығы немесе қызметі болмаған адамдардың пайыздық мөлшері өте жоғары. Сол себептен, мұндай қылмыскерлердің басым бөлігі үшін мүліктік қылмыс жасау күнелтуге қажетті заңды қаржы алу көздерінің жоқтығының есесін қайтарғандай болды.

Ұрылардың қоғамға қарсы өмір салтының бір көрінісі олардың спиртті ішімдіктерді жиі тұтынатыны болып табылады. Оған қоса, көптеген ұрлықтар соларды сатып алуға қаражат алу үшін жасалады. Мас күйде жеке меншік мүлік ұрлаған адамдардың саны дәл сондай күйде мемлекеттік және қоғамдық мүлік ұрлағандардың санымен бірдей, ал кісі өлтіруде, ауыр дене жарақаттарын тигізуде, зорлауда, тонау мен қарақшылықта айыпты деп танылғандардан аз. Алайда, ұрылардың арасында алкоголизмнен мәжбүрлеп емделуді қажет ететіндердің де саны аз емес. Бұл олардың келешекте табыспен қайта әлеуметтенуіне елеулі кедергі болып отыр.

«Қылмыскердің жеке басы» монографиясының авторлары пайдакүнем қылмыскерлердің мұқтаждықтары қалыптан тыс ұлғайған, бұзылған, әдепсіз болады деп санайды. Мысалы, мүлікті талан-таражға салушы оның қоғамға пайдалы еңбегіне сай келмейтін мөлшердегі материалдық игіліктерді иеленуге үміттенеді. Осының негізінде оның және қоғамның арасында шиеленіс пайда болады [1].

Жалпы қылмыскердің жеке басын зерттегендей, пайдакүнем қылмыскердің жеке басын зерттеу шексіз және мәнсіз емес, және де әрдайым қатаң белгіленген мақсаттарды көздеу керек. Біздің ең маңызды мақсатымыз қылмыстық әрекетті, біздің жағдайымызда пайдакүнемдік әрекетті түсіндіру болып табылады. Сол себептен, біздің

пікірімізше, қанша маңызды болса да, қылмыстық әрекеттілік проблемасы дербес проблема болып табылмай, қылмыскердің жеке басының жаһандық проблемасының бір бөлігін құрайды. Бұл пікірімізді мұндай әрекеттің себептерінің адамның жеке басына негізделетіні дәлелдейді. Сондықтан біз осы мақалада пайдакүнем қылмыстардың көзі ретінде оларды ынталандыру мәселелерін қарастыруды мүмкін ғана емес, қажет деп те санаймыз.

Пайдакүнем қылмыскердің жеке басы проблемасына олардың өмір салтын зерттеу де енгізілу керек, өйткені олардың маңызды ерекшеліктері мінез-құлқына қарағанда күнделікті тіршілігінен толығырақ, объективті көрінеді. Мұндай қылмыскерлердің өмір салтын тану олардың тіршілігінің барлық түрлерін, белсенділігін қамту, сол жеке адамның, оның қалыптасуының, мінез-құлқының, байланыстарының жүйелі талдауын қамтамасыз ету мүмкіндігін береді. Өмір салты – бұл ішінде фокустағыдай адамдардың экономикалық және қоғамдық, психологиялық және идеологиялық, адамгершілік және басқа да қатынастары сынататын ең көп қырлы әлеуметтік құбылыстардың бірі. Бұл тәсіл талантаражға салушылар мен ұрылардың ұзақ уақыт бойы пайдакүнем қылмыс жасап жүрген ең маңызды бөлігіне қатысты ерекше мәнді болып табылады. Олардың қылмыстық әрекеттері өмір салтына әдетте анықтаушы әсер тигізіп қана қоймай, оның ажырамас бөлігін құрайды.

Пайдакүнем қылмыскерлердің қылмыстық әрекеттері мен өмір салтын зерттеу олардың қылмыскердің жеке басы проблемасының бір бөлігі ғана емес, сол тұлғаның қалыптасуына қатысатын көзі болып табылу себебімен де қажет. Сонымен қатар, ұрлықтың, әсіресе осындай бірқатар қылмыстардың жасалуы, осыған байланысты қылмыстық ортаға белсенді енуі, бір қылмыстан екіншісіне дейін өмір сүруі, әшкереленуден үнемі қорқуы, сот және тергеуде болуы, жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеуі пайдакүнем қылмыскерді жағымсыз бағытқа өзгерте отырып, оның жеке басына, психологиясына әсер етеді. Қылмыстық қызмет қаншалықты ұзаққа созылса, қылмыскердің әрекетінің өз басына әсер етуі де соншалықты күшті болады.

Пайдакүнем қылмыскердің жеке басын эмпириялық деңгейде зерттеуге оның жеке өмірін, әлеуметтену және тәрбиелену жағдайларын, әсіресе ертеректегі даму кезеңдерін талдау енгізілу керек. Осындай зерттеудің нәтижелері әрі қарай қылмыстық әрекет жасау себептерін ашу тұрғы-

сында маңызды болып табылатын теориялық қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Бұны, негізінен, пайдакүнем қылмыстар ниеттерінің және басқа да субъективті детерминанттарының пайда болуын социологиялық-психологиялық зерттеу деп атайды. Оның ғылым үшін пайдалылығын және мақсатқа сәйкестігін Е.Г. Самович күштеу әрекеттерін қолдану себептеріне түсініктеме беру кезінде көрсеткен. Ол болашақта күштеу қылмысын жасаған баланың жеке басының қалыптасуы оны өз ата-анасының қабыл алмауынан басталады дей отырып, отбасыдағы тәрбиелеу жағдайларына ерекше көңіл бөледі. Бұл оның қажеттіліктерінің үнемі қанағаттандырылмай қалуына алып келіп, соның салдарынан бала өзі түскен жағдайға үнемі тәуелді болады [2].

Отбасы мен мектептегі тәрбиелеудің және қылмыстың арасында тікелей байланыс табу қиын. Өмірдің өзі жеке адамның жас кезінде қалыптасқан түсініктері мен ұғымдарына түзету енгізеді. Алайда сыртқы әсерлердің барлығы бос жерге емес, бала кезінде пайда болып дамыған ерекшеліктеріне түседі. Адамның өміріндегі осы кезеңнің сезімталдығын, жоғары қабілеттілігін ескере отырып, оның маңызын асырудың қажеті жоқ, оның үстіне көптеген зерттеулердің нәтижелері бала кезінде алатын әсерлерді еңсерудің мүмкін емес екендігін көрсетті.

Кеңес заманының психологы П.М. Якобсон қылмыстардың жасалу ниеттерін қарастыра отырып, олардың түсіну үшін мысалға, адамның балалық шағының қалай өткенін, оның балдәурен, жасөспірім шағын, өмірде қандай әсер алғанын, олардың қай жағынан жағымды және жағымсыз болғанын, мінездің, шыдамдылықтың қалыптасуына, адамдар арасындағы өз орны, құқықтары және міндеттері туралы түсініктеріне қалай әсер еткенін және т.б. зерттеу қажет. «Адамның белгілі-бір ниеттермен мұндай әрекетті қалай жасағандығын түсіну үшін талдау оның жеке басының, ішкі дүниесінің, сезімдерінің, ұмтылыстарының, ниеттерінің қалыптасу процесіне бағытталды. Оның осыдан ілгергі өмірінің тарихында осындай әрекеттің себептерінің негіздері қаланған, ал бұрынғы өмірінде қазіргі әрекетінің ниеті қалыптасқан [3]. Біздің ойымызша, бұл пайымдаулар кез келген, оның ішінде пайдакүнем қылмыстық әрекеттерді түсіндіру кезінде қолданылу керек.

Пайдакүнем қылмыстың жеке басын зерттеу, өз кезегінде, нақты өмірлік жағдайлармен әрекеттесе отырып, қылмыстық әрекеттің тікелей себебіне айналатын жағымсыз қасиеттерінің /антиқоғамдық бағыттылығының, тиіс-

ті көзқарастардың, түсініктердің, бағдарының және т.б./ қалыптасуына алып келетін сыртқы әлеуметтік факторларды түсінуге мүмкіндік береді. Демек, адам қылмыскер болып туылмай, оған кейіннен айналатындықтан, қылмыстық жазаланатын әрекеттердің жасалуына бұрынғы жағымсыз әсерлер түрткі болады және оларға өзекті жағдайлар жағдай жасауы мүмкін деуге болады. Бірақ ортаның барлық әсерлері жеке тұлғаның психикасы арқылы «өтеді», сондықтан да оның әрекетін жеке адамның өзін де, оның қалыптасуының, дамуының және қызмет жасауының әлеуметтік жағдайларын да зерттеу үшін аса қажетті деп қарастыруға болмайды. Бұл жағдайлардың неліктен дәл осындай адамгершілік және психологиялық ерекшеліктерді туындатқаны туралы мәселенің де маңызды екенін ұмытпау керек.

Пайдакүнем қылмыстарға түрткі болатын барлық қолайлы жағдайлар, нақты адамдардың әрекеттері, әртүрлі материалдық қызықтырғыштар және т.б. тек жағдайлар ретінде қарастырылады. Ал қылмыстың негізгі себебі субъектінің «өзінде болады», оны оған тән қасиеттер туындатады [4]. Тіпті егер ол қоғамға қарсы әсерлерге немесе жағдайларға мойынсұнғанда да, ол бұны жеке басының ерекшелігі сондай болғандықтан жасайды. Егер де басқаша болған жағдайда, пайдакүнем қылмыстарды кез келген адам жасай алар еді.

Пайдакүнем қылмыскердің жеке басы аса күрделі әлеуметтік құбылыс болып табылады және осындай ретте ол кешенді ғылыми танымның нысаны болу керек. Бұл құбылыстың пайдакүнем қылмыстылықпен және басқа да қылмыстық әрекет түрлерімен, басқа да әлеуметтік факторлармен, оның ішінде жағымсыз факторлармен өте тығыз байланыста болғанымен де, ол жеке ғылыми проблема болып табылады. Күштеу қылмыскерінің және басқа да бірнеше құқық бұзушылар типтерінің проблемаларын бөліп шығарған да орынды деп санаймыз.

Бұл пайдакүнем қылмыскердің жеке басының психологиялық проблемаларына басты назар аударылуы оны жүйелі түрде танудан немесе психологиялық факторлардың рөлін асырудан бас тартудың керектігін білдірмейді. Себебі, жеке адамның ешқандай қылмыстық-құқықтық, әлеуметтік-демографиялық, биологиялық, адамгершілік және басқа да ерекшеліктері оның психологиясын елемей тікелей әсер етпейді. Нақ психологияның өзі аталған ерекшеліктердің барлығы өзара әрекеттесетін алаң, деңгей болып табылады.

Пайдакүнем қылмыстардың ниеттерін білу арқылы жеке адамның мемлекеттік, қоғамдық және жеке меншік мүлікті сақтайтын адамгершілік және құқықтық нормаларды қаншалықты қабылдағаны және түсінгені, оның тиісті әлеуметтік практиканы қалай бағалайтыны туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Демек, бұл мағынада ниеттер адамгершілік және құқықтық нормалардың бір болмыс формасын, оларды адамның әрекетін реттеуші ретінде іске асыру әдісін, сондай-ақ жеке адамның тұрақты ниеттер жүйесі, яғни ниеттер арқылы өзін-өзі басқару тәсілін құрайды. Ниеттер өз тұрақтылығын жазаға немесе оның қолданылу қауіпіне қарамастан, көбінесе ұзақ уақытқа созылатын пайдакүнем қылмыстық әрекетте білдіреді. Басқаша айтқанда, ниеттердің тұрақтылығы мүліктік қол сұғушылықтардың қайталануына алып келеді.

Қазіргі заманғы психология үшін «субъектінің шынайы себептерді әрдайым, яғни әрекеттерді дайындап орындау кезінде маңызды деп қабылдай бермейді; көбінесе олар тиісті әрекет жасалып болған соң есін жинайды» деген қағида аксиомаға айналды [5]. Әсіресе, адам жоспарлаған, жасап жатқан немесе жасап болған әрекеттерінің жеке адам үшін мағынасына мән бермейді. «Өйткені, субъектінің өзі үшін оның нақты мақсаттарын түсінуі және оларға қол жеткізуі, әрекеттің құралдары мен операцияларын меңгеруі оның өз өміріне көңіл тоқтату, оның әректінің ниеттеріне заттанған және айналған материалдық, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру және дамыту әдісі болып табылады. Субъектінің ниеттерін түсініп немесе түсінбей жатқаны, өздері туралы күйзелістер, мүдделер, ықылас немесе құмарлық түрінде белгі беретіні немесе бермейтіні бәрібір; олардың сана жағынан алынған қызметін олардың объективті жағдайлар субъектісі үшін өмірдің маңызын «бағалағандай» болатыны, объективті мағынасымен тікелей сай келмейтін жеке тұлғалық мағына беретіні құрайды».

Бұл тұрғыда көптеген қылмыстардың ниеттеріне де көңіл бөлу керек. Олардың көбінесе есі дұрыс емес күйде әрекет ететіндігі қазіргі кезде криминологтардың арасында танылып отыр.

Пайдакүнем қылмыстардың жеке тұлғалық мағынасы көп жағдайда, мысалы қалта ұрлықтары, кейде субъект көп мөлшердегі материалдық игіліктерді меншіктеніп алса да, қылмыстық әрекетін жалғастыра беретін бөтен мүлікті талан-таражға салу кезінде ұғыныла бермейді. Алайда ниеттердің санасыз болуы оны қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды, се-

бебі ол өзінің қылмыстық әрекеттерінің қылмыстық тәртіппен жазаланатындығын және заңға қайшы екендігін түсінеді.

Әрбір пайдакүнем қылмысты тек қана пайдакүнемдік пиғыл (егер бұл пиғыл материалдық пайда табуда болса) тудыра бермейтінін айта кету керек. «Кеңестік криминология курсының» авторлары талан-таражға салудың себебі өндірістік, қызметтік қажеттіліктің немесе шаруашылық мақсатқа сәйкестіліктің жалған түсінілген мүдделері болуы мүмкін деп санайды [6].

Кейбір талан-таражға салулардың ниеті ретінде адамның жеке басының мәні материалдық игіліктерді алудан ғана емес, басқа да өмірлік маңызды қажеттілікті қанағаттандырудан да құралуы мүмкін. Көп жағдайда бұл арада да пайдакүнем себеп бар болады, алайда психологиялық зерттеулер көрсеткендей, ол сол адам үшін үлгілі болып табылатын топта абыройға ие болу немесе беделін ұстап тұру сияқты ниеттермен қатар әрекет етеді.

Пайдакүнем қылмыстарды жасаған кезде субъект барлық жағдайда да әрдайым пайдакүнем бола бермейтін жеке бас қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылады. Біз кез келген қылмыстық әрекет жеке адам үшін іштей, субъективті түрде детерминделген және заңды болып табылады деген пікірге жүгінемін. Мысалға, А.И. Долгованың пікірі жеке адамның басқа да әлеуметтік типі бар – бұл кездейсоқ қылмыскер. Оның қылмыстық әрекеті аса келеңсіз әлеуметтік жағдайдың шешуші әсерімен анықталады және заңға қайшы әрекет жасамайтындардан елеулі тұрақты жеке тұлғалық айырмашылықтары жоқ. Айырмашылықтар, негізінен, заңды бұзған адамдар түсетін жағдайларға қатысты [7].

Аталған адам үшін өзінің субъективті мәселелерін шешетін қылмыстық әрекеттің заңдылық проблемасын талқыласақ, кездейсоқ қылмыскер, онымен бірге қылмыстың кездейсоқ жасалуы туралы қағида оның айналадағылар үшін күтпеген жағдай болып шыққанынан туындағанын айта кету керек, себебі оған дейін субъектінің қандай да бір айыпты әрекет жасағаны туралы ақпарат болмаған. Алайда, қылмыстық-құқықтық тыйымның бұзылуына алып келген жеке адамның қасиеттері терең жасырылуы, субъектінің өзімен ұғынылмауы және мінез-құлықта байқалмауы мүмкін.

Аса келеңсіз әлеуметтік жағдайдың шешуші әсері туралы пікір соңғы жылдары алынған өзіндік ерекшелігі өзекті жағдайға тәуелділігі болып табылатын белгілі-бір жеке адам типінің бар

екендігі туралы психологиялық мәліметтерді толық ескермейді. Бұл әрекет сараланып алынады, яғни субъект кез-келген жағдайға емес, оның терең және ең маңызды, көбінесе қызбалықпен мәнерленген күйзелістерді өзекті ететін жағдайға тәуелді болып қалады. Криминология кез келген жағдайдан қылмыстық әрекеттер арқылы ғана шығу мүмкін емес, бірақ егер субъект ойланбай болса да, сол жолды таңдап алса, демек оның жеке басында дәл осы таңдауын детерминдейтін қасиеттер бар деген сөз. Қарама-қайшы пікір аздап болса да жеке адам толық ескерілмейтін белгілі «стимул-реакция» сұлбасына ұқсас.

Қарастырылып жатқан қылмыстардың шын мәніндегі ниеттерін ашу үшін, біріншіден, қылмыскерлердің өмірлік жолын, олардың әсіресе балалық шағындағы әлеуметтену жағдайларын талдау, яғни пайдакүнем қылмыстық әрекеттің ниеттерінің пайда болуын анықтауға әрекет жасап көру керек. Екіншіден, мемлекеттік, қоғамдық және жеке меншік мүлікке қастандықтың жасалуын туындата алатын басқа да жеке бас ерекшеліктерін ашу қажет.

Бірінші міндетті шешу үшін ересек адамның кез келген, оның ішінде қылмыстық әрекет оған бала кезінде жасалған жағымсыз әсерлермен детерминделеді деген пікір айтылуы мүмкін. Бұл гипотеза ғылым дәлелдеген жеке адамға бала

кезінде жасалатын әсерлердің және бірінші кезекте ата-анасының психологиялық қабылдауының немесе, керісінше, қабыл алмауының анықтаушы маңызы бар, себебі отбасылық әсерлердің салдары көбінесе қайтымсыз болады деген қағидаға сүйенеді. Баланы анасының немесе әкесінің, болмаса екеуінің де эмоциялық қабыл алмауы орнын толықтыратын арнайы тәрбиелеу шаралары қабылданбаса, оның бүкіл өміріне кері әсер тигізуі мүмкін.

Осыған орай, қылмыстық әрекеттің ертеректегі отбасылық қатынастардың мазмұнын суреттейді, оларға берген жауап, олардың жалғасы немесе салдары болып табылады деп пайымдауға болады. Бірақ жеке адамның бала кезіндегі қалыптасуының жағымсыз жағдайлары оның әрі қарай тіршілік етуіне елеулі әсер тигізеді. Осыған байланысты, пайдакүнем ниеттердің де бала кезіндегі эмоциялық қатынастың тапшылығы, тұрақты эмоциялық қатынастарға енгізілмеуі сияқты жағдайлармен байланысты деп болжауға болады. Отбасының эмоциялық матрицасы жалпы жеке тұлғаның өмірдегі жалпы сенімсіздігін, оның әлеуметтік мәртебелерінің белгісіздігін, ортаның келеңсіз әсерлерінің үрейлі келешегін қалыптастырады. Бұл ерекшеліктер оның бойында нығайып, оның мінез-құлқына елеулі әсер тигізеді.

Әдебиеттер

- 1 Курс советской криминологии. Предупреждение преступности. – М., 1986.
- 2 Самовичев Е.Г. Личность насильственного преступника и проблемы преступного насилия. – М., 1987.
- 3 Якобсон П.М. Психологические проблемы мотивации поведения человека. – М., 1969.
- 5 Игошев К.Е. Типология личности преступника и мотивация преступного поведения. – Горький, 1974.
- 6 Курс советской криминологии. Предупреждение преступности. – М., 1986
- 7 Долгова А.И., Кудрявцев В.Н. Понятия советской криминологии. – М., 1985.

References

- 1 Kurs sovetskoy kriminologii. Preduprezhdenie prestupnosti. – М., 1986.
- 2 Samovichev E.G. Lichnost' nasil'stvennogo prestupnika i problemy prestupnogo nasilija. – М., 1987.
- 3 Jakobson P.M. Psihologicheskie problemy motivacii povedenija cheloveka. – М., 1969.
- 5 Igoshev K.E. Tipologija lichnosti prestupnika i motivacija prestupnogo povede-nija. – Gor'kij, 1974.
- 6 Kurs sovetskoy kriminologii. Preduprezhdenie prestupnosti. – М., 1986
- 7 Dolgova A.I., Kudrjavcev V.N. Ponjatija sovetskoy kriminologii. – М., 1985.